


Шығыс Еуропа елдері

Құрамы:

Чехия, Словакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Сербия, Черногория, Словения, Хорватия, Босния и Герцеговина, Македония, Албания, Балтық бойы елдері – Польша, Латвия, Литва, Эстония

Орындаған: Болат .Б 11 “ә”

Қызыл түспен – Шығыс Еуропа елдері белгіленген



Климаты:

- Шығыс Еуропа жерінде климат қоңыржай континентті
- Қысқы ауа райы көбінесе ашық, аязды: -20, 30 С – қа дейін төмендейді;
- Жаз өте ыстық, Дунай ойпаттарында орташа температурасы +28,+29С – қа дейін көтеріледі;
- Жауын – шашынның жылдық мөлшері Орта Еуропаның аласа тауларында 2000 мм-ден Орта Дунай ойпатында 500 мм;

Табиғат ресурстары:



- Таскөмір – Польша мен Чехияда;
- Мұнай мен газ – Румынияда
- Су – энергетикалық ресурстары Балқан елдерінде;
- Темір кені – Сербия мен Черногория, Румыния, Словакия;

Боксит – Венгрия
Мыс – Польша, Румыния;
Хромит – Албания;

Халқы

- Халқы ең көп ел – Польша (38,2 мың адам)
- Халқы ең аз ел – Эстония (1,3 млн адам)
- Аймақ халқының этностық құрамының басты ерекшелігі – славян тобындағы халықтың басым қоныстануы;



Урбандалу деңгейі



- Урбандалу деңгейі өте жоғары елдер қатарына Чехия, Эстония, Латвия жатады. Олардағы халықтың 70% - дан астамы қалада тұрады.
- Аймақтағы елдердің басым көпшілігі ұлттық құрамы жағынан біртектес болып келеді. Олар: Польша, Албания, Венгрия, Болгария, Словения, Словакия, Чехия, Литва, Румыния, Хорватия;

Өнеркәсібі

- Отын – энергетика өнеркәсібі мұнай тапшылығына байланысты таскөмір мен қоңыр көмірге негізделген.

Румыния мен Югославия бірлесіп жасаған “Темір қақпа” деп аталатын су электр станциясы бар;

Металлургия өнеркәсібі – түсті металлургия жергілікті шикізатты, ал қара металлургия өнеркәсібі сырттан әкелінетін шикізатты пайдаланады.



Ауыл шаруашылығы:

- Ауыл шаруашылығының интенсивті бағыты басым Чехия, Словакия, Венгрия, Польша және Балтық елдерінде мал шаруашылығының үлес салмағы да, оның өнімділігі де жоғары.
- Раушангүлдің майын алу және оны сыртқа шығарудан Болгария дүниежүзіне әйгілі.



Польша мен Балтық бойы елдерінде қарабидай мен картоп, оңтүстікке қарай орналасқан Болгария, Венгрия, Албания және Югославия елдерінде бақтар мен жүзімдіктердің үлесі жоғары.

Көлік

- Аймақ елдеріндегі ең басты көлік түрі – теміржол. Автомобил мен су көлігі түрлерінің қарқынды дамуына қарамастан, теміржолдағы жүк айналымының үлесі әлі де жоғары.
- Теміржол арқылы әсіресе көмір мен металл тасымалданады.



Жүк айналымында қыста қатпайтын Бургас, Варна, Констанца, Сплит, Риека, Гданьск, Щецин, Клайпеда, Лиепая, Вентспилс және қыста ғана қататын Рига, Таллин портты қалаларының транзиттік рөлі маңызды

Туризм

Аймақ елдерінде демалыс – сауықтыру орындары мен туризмнің мүмкіншілігі жоғары деңгейде көтеруге толық жағдайы бар.



Әсіресе Карпат, Судет және Балқан түбегінің таулары баурайында; Балтық, Қара және Адриат теңізі жағалаулары мен Дунай бойында орналасқан демалыс орындары көзге түседі.